

**Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылып сатып алынатын медициналық жабдықтармен, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 63 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.10.06. N 962 қаулысымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылып сатып алынатын медициналық жабдықтармен, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4            ж ы л ғ ы            2 1            қ а ң т а р д а ғ ы

N        6 3            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылып сатып алынатын медициналық жабдықтармен, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етудің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылып сатып алынатын медициналық жабдықтармен, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылып сатып алынатын медициналық

жабдықтармен, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдармен және дәрілік заттармен (бұдан әрі - тауарлар) қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын (бұдан әрі - ұйымдар) жаратқандыруға арналған тауарлар халықтың ауруларын анықтау, емдеу және алдын алу мақсатында сатып алынады.

## **2-тарау. Ұйымдарды тауарлармен қамтамасыз ету тәртібі**

4. Ұйымдарды тауарлармен қамтамасыз ету халықтың аурушандығының үрдісі мен серпіні, ауруларды диагностикалау мен емдеудің озық әдістері, орын алған эпидемиологиялық ахуал ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

5. Жыл сайын, 1 мамырға дейін ұйымдар тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органына (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) есепті жылдан кейінгі жылға арналған тауарларға қажеттілікті ұсынады.

6. Бұйымдардың тауарларға жалпы қажеттілігін қалыптастыру:

- 1) ұсынылған қажеттілік деректері;
- 2) тауарлардың өткен мерзім ішінде нақты пайдаланылу мониторингі;
- 3) клиникалық сынақтар хаттамалары;
- 4) қолдану қауіпсіздігі, пайдалану тиімділігі және тауарлардың сапасы туралы деректер негізінде жүзеге асырылады.

7. Ұйымдарды қамтамасыз ету үшін сатып алынатын тауарлардың номенклатурасы мен көлемін тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген қаражат шеңберінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

8. Ұйымдарды қамтамасыз ету үшін тауарларды сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады. Бұл ретте тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар үшін бір тектес тауарларды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы болуға құқылы.

9. Ұйымдарды орталықтандырылып сатып алынған тауарлармен қамтамасыз ету ұсынылған өтінімдерге сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің басшысы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

10. Конкурстардың жеңімпаздары сақтау, тасымалдау, сақтандыру шарттарын және мемлекеттік сатып алу туралы шартта көздеген өзге де нормаларды сақтай отырып, тауарларды ұйымдарға жеткізуді жүзеге асырады.

## **3-тарау. Қорытынды ережелер**

11. Республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындайтын тәртіппен және нысанда есепке алуға жатады.

12. Тауарларды есепке алу, сақтау мен мақсатты пайдаланудың белгіленген шарттарын қамтамасыз ету жауапкершілігі ұйым басшысына жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК